2024 жылдың 12 айындағы химия өнеркәсібінің дамуы

Саладағы өндіріс көлемі 1 121,8 млрд теңгеге жетіп, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **17,2%-ға артты** (*957,5 млрд теңге*). Физикалық көлем индексі 107,7% болды. Бұл өсім химия өнеркәсібі мен оған жақын салалардағы тұтынушылық сұраныстың артуы және өнім өндірісінің ұлғаюы арқасында қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, фосфорлы тыңайтқыштар *(+35,0%*), гипохлориттер (+30,2%), тұз қышқылы *(+27,3%*), фосфор *(+20,7%*), хром тотығы *(+5,4%*), көмірқышқыл газы (+17,1%), моногидраттағы күкірт қышқылы *(+15,2%*), хлор *(+10,6%*), бастапқы формадағы полиуретандар *(+7,6%*), полимер негізіндегі бояулар мен лактар *(+6,3%*) және әрлеу шпатлевкасы *(+2,6%)* өндірісі өсті.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру саласындағы негізгі капиталға салынған **инвестиция көлемі** 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7%-ға өсіп, **208,4 млрд теңгені** құрады. Инвестиция өсімі аммоний сульфатын *(Маңғыстау облысы),* сутегі пероксидін *(Түркістан облысы),* натрий пиросульфитін *(Жамбыл облысы),* сұйық азотты *(Атырау облысы)* және басқа да өнімдерді өндіру жобаларын дамытуға байланысты болды.

2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында химия өнеркәсібі **нарығының көлемі $4 976,9 млн** немесе *(2 389,6 млрд теңгені)* құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,4%-ға өсті. Нарықтың ұлғаюына өндіріс көлемінің *(+17,2%)* және импорттың *(+0,6%)* артуы әсер етті. **Отандық тауар өндірушілердің үлесі** 0,8 пайыздық тармаққа өсіп, **4,7%**-ды құрады. Ал импорттық өнімнің үлесі 95,3% болды.

2024 жылдың **қаңтар-желтоқсан** айларында химиялық өнім экспортының **көлемі 10,7%-ға өсіп**, **$1 982,5 млн** болды. **Экспорттың** негізгі бөлігі Қытайға *(27,6%),* Ресейге *(25%),* Мароккоға *(4,2%),* Қырғызстанға *(4,0%),* Гонконгқа *(4%),* Бразилияға *(4%),* Польшаға *(3,5%)* және басқа да елдерге жіберілді. Заттай есептегенде экспорт көлемі 21,1%-ға артып, 3 075,7 мың тоннадан 3 723,4 мың тоннаға жетті.

Химия өнімдерінің **ең көп өндіріс көлемі** Жамбыл облысында (271,7 млрд теңге), Шығыс Қазақстан облысында (237,1 млрд теңге) және Қарағанды облысында (97 млрд теңге).